

6D010300 – «Педагогика және психология» мамандығы бойынша PhD докторы дәрежесін алу үшін дайындаған Тойбекова Багдат Абдуллаевнаның «Жалпы білім беретін орта мектепте оқушылардың полилингвалды тұлғасын қалыптастыру» диссертациясына

ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІНІҢ ПІКІРІ

Үш тұғырлы тіл мәселесін оңтайлы шешу – ұлтаралық қатынастар үйлесімділігінің, халық бірлігі мен қоғамдық келісімді нығайтудың түп қазығы екені сөзсіз. Бұл деген, қазіргі мектептің аса маңызды әлеуметтік институт ретіндегі негізгі міндеті – бір жағынан, үздік қазақстандық білім беру дәстүрлерін сақтау болса, екінші жағынан мектеп бітірушілердің халықаралық деңгейде бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін шет тілдерін, әсіресе ағылшын тілін оқыту үдересін жетілдіру қажеттілігін алға тартады.

Осы тұрғыдан алып қарағанда Б.А.Тойбекованың «Жалпы білім беретін орта мектепте оқушылардың полилингвалды тұлғасын қалыптастыру» тақырыбында дайындалған диссертациялық жұмысы дер кезінде көтеріліп отырған мәселе болып табылады.

Бұл мәселенің шешімін табуда Б.А. Тойбекова зерттеу тақырыбына байланысты теориялық пен тәжірибедегі жағдайын зерделеп, «оқушының полилингвалды тұлғасы» ұғымының мәні мен мазмұнын анықтады. Яғни, бұл зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы болып табылады. Ал оқушының полилингвалды тұлға ретінде қалыптасуының психологиялық пен педагогикалық ерекшеліктерін айқындау, оның өлшемдері, көрсеткіштері мен деңгейлерін анықтауға септігін тигізді.

Жалпы білім беретін мектепте полилингвалды тұлғаны қалыптастыру үдерісінің тәжірибедегі нақты жағдайын анықтай келе, ізденуші мектептегі сабақтан тыс жұмыстар негізінде полилингвалды тұлғаны қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін жасады, оның тиімділігін арттыратын педагогикалық шарттарын айқындады.

Диссертациялық жұмыс шеңберінде Б.А.Тойбекова даярлаған «Тілдер әлемі» факультативтік курс бағдарламасы, сөйлеу тапсырмалар жүйесі, «Мектеп оқушыларын көптілдікке баулу әдістемесі» атты оқу құралы жалпы білім беретін орта мектептегі сабақтан тыс жұмыстарды ұйымдастыруын жетілдіруге, ал докторант ұсынған әдістемесі тәжірибе жүзінде тиімділігі тексеріліп, алынған нәтижелер зерттеу жұмысының өзектілігін дәлелдейді.

Диссертант жүргізген ізденіс-тәжірибелік жұмыстарының нәтижелері ғылыми семинарларда, алыс шетел мемлекеттерінде және Қазақстанда ұйымдастырылған түрлі халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда ғылыми қауым назарына ұсынылып апробациядан өткізілді.

Ізденуші Б.А.Тойбекованың зерттеу жұмысында қол жеткізген ғылыми нәтижелерінің маңыздылығы мен практикалық мәнділігін жалпы білім беретін мектептің оқу-тәрбие үдерісіне ендірілуі туралы актілері, автордың

Б.А.Тойбекованың осындай жетістіктері диссертациялық жұмысының нәтижелерінің дұрыстығына күмән тудырмайды, сонымен бірге ізденуші ұсынған мектеп оқушыларының полилингвалды тұлғасын қалыптастырудың теориялық моделі мен жалпы білім беретін мектеп тәжірибесінде сынақтан өткен әдістемесі оның докторлық жұмысының маңыздылығын дәлелдейді.

Қорыта келгенде, «Жалпы білім беретін орта мектепте оқушылардың полилингвалды тұлғасын қалыптастыру» тақырыбында орындалған диссертациялық жұмыс 6D010300 – Педагогика және психология мамандығы бойынша PhD докторы дәрежесін алуға арналған диссертациялық жұмыстың талаптарына сай келеді. Ал, оның авторы Тойбекова Багдат Абдуллаевна «6D010300 – Педагогика және психология» мамандығы бойынша PhD докторы дәрежесін алуға лайық деп санаймын.

Адами ресурстарды дамыту департаменті

Торыбаева Ж.З.